

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Уложения. Эти законы, разработанные правительством Цинской династии, по существу превращали тувинцев в бесправных рабов. «Уложение» узаконило феодальную зависимость арата от нойона. Оно давало последнему практически неограниченные права над аратом, а тем самым законодательно закрепляло произвол и насилие феодалов над трудящимися. Порабощение простых аратов, жестокие наказания и пытки, стали предпосылкой к освободительному движению против иноземных колонизаторов. В 1883 году начинается «Восстание шестидесяти богатырей», или как «Алдан-Маадыр», которое было вскоре подавлено, а участников подвергли различными жестоким пыткам и казням.

Вскоре в 1911-1913 годах в Китае произошла революция, которая привела к свержению Маньчжурской династии Цин и провозглашению республики. Национально-освободительное движение тувинцев завершилось падением крепости Кобдо, которая была оплотом Маньчжурской династии в Монголии и Туве. Создались благоприятная ситуация для вхождения Тувы в состав Царской России.

Список использованных источников и литературы

1. История Тувы. С.И. Вайнштейн, М.Х. Маннай-оол. Т-И. Н.-2001
2. Проблема трансформации обычного права тувинцев. Дамдынчап В.М.
3. <https://pucozuf.wordpress.com> –чингисхаан.

УДК 343,2/7

МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚЫЛМЫСТАРДЫ АЛДЫН АЛУДАҒЫ РӨЛІ

Исабеков Азамат Русланулы

Wum007@bk.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің заң факультетінің 2 курс студенті

Ғылыми жетекші – Мұратханова М.Б.,

з.ғ.к., қылмыстық құқық пәндер кафедрасының доценті

«Саясат» сөзі ежелгі грек тілінен «politike» аударғанда мемлекетті басқару өнерін, яғни қоғамдық таптардың (топтар мен ұйымдардың) олардың мүдделері және мақсаттарымен анықталатын қызметінің, сонымен қатар қоғамның әлеуметтік экономикалық табиғатын білдіретін мемлекеттік билік органдарының қызметінің көрінісі болып табылады. Мемлекеттің саясатында мемлекеттік биліктің екі негізгі бағытын – ішкі және сыртқы саясатты бөліп қарастыруға болады. Ішкі және сыртқы саясаттың әрқайсысының өзіндік мақсаттары, міндеттері және басымдылықтары бар. Дегенмен де, мемлекеттік билікпен айқындалатын және жүзеге асырылатын мақсат, міндет және басымдылықтар өзгеріссіз болуы мүмкін емес. Олар қоғамның дамуына, сыртқы саяси және ішкі саяси жағдайларға сәйкес, мемлекеттің мүдделері мен қажеттіліктерін жүзеге асыруға байланысты туындап, өзгеріп отырады. Сондай-ақ, олар алдыңғы қойылған мақсаттарға немесе міндеттерге жетуге байланысты не болмаса әртүрлі қоғамдық жағдайлардың салдарынан оларға қол жеткізу мүмкін болмаған кездерде өзгерістерге ұшырайды.

Мемлекеттің ішкі саясатының құрамдас бөлігі қылмыстық саясат болып табылады. Қылмыстық саясат, бәрімізге мәлім қылмыстықпен күрес аясындағы мемлекеттің саясатын білдіреді. Қылмыстық саясаттың қоғам өміріндегі экономикалық, әлеуметтік, идеологиялық, психологиялық контекстсіз болуы мүмкін емес. Сол себепті қылмыстық саясатты жүйелі түрде қалыптастыру қажет. Қылмыстық саясаттың тиімділігі мемлекеттің қылмыстылыққа әсер етуінен, тұлғаны, қоғамды, мемлекетті қылмыстық қол сұғушылықтан қорғау шарасы мен дәрежесінен көрінеді.

Қылмыстық саясат қоғамды реформалау жағдайында, әсіресе бір сапалық жағдайдан екіншісіне ауысу барысында маңызды рөлге ие болады. Қазіргі кезде, қоғамның тұрақты

әлеуметтік-саяси дамуы жағдайында қылмыстылықтың өсуі және ұйымдасуының күшеюі, ауыр және аса ауыр қылмыстардың үлес салмағының өсуі сынды қылмыстылықтың сандық және сапалық өзгерістері заңдылық болып табылады. Сондықтан, елдің елеулі бөлігін мазалайтын факторлардың ішінде қылмыстылық тұрақты түрде екінші, үшінші орындардан көрініп жүргендіктен, мемлекеттің қылмыстық саясатының маңызы арта түсуде. Қылмыстық саясаттың мақсаты, міндеттері және мазмұны экономика, құқық, идеология және әлеуметтік психология жағдайындағы, әлеуметтік өмірдің сапасы, қылмыстылықтың жағдайы мен тенденциялары ерекшеліктерінің өзгерістері әсерімен қалыптасады.

Сондықтан да, қылмыстық саясаттың мақсаты мен міндеттерін, оны жүзеге асырудың тактикалық аспектілерін анықтау барысында жоғарыда аталған жағдайлар тұрақты түрде тіркелініп, талдаудан өткізілуі қажет. Қылмыстық саясат қылмыстылыққа қарсы күрестегі мемлекеттік саясаттың құрамдас бөлігі болып табылады. Қылмыстық саясаттың негізінде қылмыстық атқару, қылмыстық процессуалдық, криминологиялық саясаттың стратегиясы мен тактикасы қалыптасады. Қылмыстық саясаттың басымдылығы мынадан көрінеді: қылмыстық саясаттың аясында қылмыстық жауаптылықтың негізі мен қағидалары, қылмыстық іс әрекеттердің, жаза және қылмыстық құқықтық сипаттағы басқа да шаралардың шеңбері анықталады. Сондықтан да, қылмыстық заңнаманың дамуы барысында қылмыстық саясатқа деген көзқарастар өзгеріп, сәйкесінше қылмыстық құқықтық сақтандырудың мазмұны өзгереді. Қылмыстықтан сақтандыру - қылмыстық саясаттың, құқық қорғау қызметінің негізгі бағыты болып табылады. Қылмыстық саясаттың мақсаты ретінде қылмыстылықтан сақтандыру әлеуметтік ортадағы, мемлекеттің бағытталған қылмыстық саясатының нәтижесінде қылмыс жасауды болдыртпайтын құқықтық қатынастардың субъектілерінің санасы мен мінез- құлқындағы күтілген өзгерістердің қисындық моделін білдіреді

Бір қарағанда аталған мақсат қисынсыз, нақты өмірге сиымсыз болып көрінуі мүмкін. Себебі, кейбір ғалымдар орын алып отырған әлеуметтік жағдайларды қылмыстылықтың себептерін жоюға қауқарсыз деп есептейді [1, 476б.]. Табиғи теорияның жақтаушылары бұл себептерді адамның табиғатына тән деп есептегендіктен, жойылуы мүмкін емес деп санайды [2, 39-44б.]. Бұл теория адамның әлеуметтік мәнін, оның ақыл ойын, қоғамдық сана мен әлеуметтік жүйенің қалыптасуы мен даму заңдылықтарын ескермейтіндіктен объективті ғылыми негізсіз болып саналады.

Әртүрлі әлеуметтік жүйелердің, әртүрлі ғылымдардың ғалымдары қылмыстықтың себептерінің әлеуметтік сипатын көрсетеді. Қылмыстылық және қылмыстық саясат қоғам дамуының объективтік және субъективтік дамуының қарама-қайшылығы болып табылады. Қылмыстықтың себептерін экономикадан, саясаттан, қоғамдық санадан, мәдениеттен, идеологиядан іздеу қажет. Қазіргі кездегі мемлекетіміздің дамуының әлеуметтік-саяси, рухани негіздері нарықтық эконмикаға негізделген. Бұл қағидалар қылмыстықтың болу мүмкіндігін туындататын объективтік факторларды, механизмдерді құрады. Бұл факторлар шешуші емес, айқындаушы факторлар болып табылады.

Шешуші ретінде, қылмыс жасаудың бұлыңғыр мүмкіндігін нақты мүмкіндікке айналдыратын субъективтік факторлар қарастырылады. Дегенмен де, бұл факторлардың біртұтастығы қылмыстылықтың шынайы көрінісі емес. Нақты мүмкіндік шынайылыққа нақты адамның әлеуметке жат мінез-құлқын жүзеге асыру жолымен ғана айналады. Қылмыстықтан сақтандыру қылмыстық саясаттың стратегиялық мақсаты ретінде тек экономикалық, саяси, рухани факторлармен түсіндірілмейді. Бұл мақсат субъективті бастау ретінде адамның, адамзаттың, қоғамның рухани жоғарылауының мінсіз нысаны болып табылады. Ол құқықтық қатынастардың субъектілерінің әлеуметтенуінің, тәрбиеленуінің ішкі қозғаушы күші ретінді қызмет етеді. Қылмыстылықтан сақтандыру қоғамның эволюциялық дамуының табиғи тарихи үрдісін білдіреді. Қоғам дамуын тоқтату мүмкін емес. Уақыт өтеді, адамдар, әлеуметтік жүйелер өзгереді.

Мемлекетте орын алып отырған әлеуметтік жүйе өзгеріссіз, бірқалыпта қалмайды. Сондықтан да, қылмыстықтан сақтандыру қоғамның қазіргі жағдайы емес, оның болашағы.

Болашақсыз адамзат, өркениет, мәдениет, құқықтық мәдениет тоқырауға ұшырайды. Қылмыстылықтан сақтандырудың қылмыстық саясатты, оның түсінігін, бағыттарын, нысандары мен әдістерін қалыптастыру және дамыту үшін маңызы зор. Қылмыстылықтан сақтандырусыз қылмыстық саясаттың түсінігі, теориясы мен тәжірибесі өз мәнін жоғалтады. Қылмыстықтан сақтандыру қылмыстық саясатпен тығыз байланысты. Қылмыстылықтан сақтандыруға қылмыстық саясаттың барлық сапалық белгілері тән.

Қылмыстылықтан сақтандырумен мемлекет немесе қоғам емес, қылмыстық саясаттың нақты субъектілері айналысады да, заңнамамен қарастырылған нысандар және шектерде әрекет етеді. Қылмыстықтан сақтандырудың мәні халықты хабардар ету, қоғамдық қатынастарды әлеуметтік реттеу, немесе құқық бұзушыларды қорқыту, не болмаса қылмыстықтың алдын алудың кез келген шараларын жүзеге асыруға келіп тірелмейді. Қылмыстылықтан сақтандыру қылмыстықтың себептерін құрайтын әлеуметтік қарама-қайшылықтарды анықтау және жоюға байланысты жалпы әлеуметтік және арнайы шаралардың жүйесін қамтиды. Қылмыстықтан сақтандырудың жалпы әлеуметтік шаралары қылмыстық саясат субъектілерінің қылмыстылықты туындататын әлеуметтік қарама-қайшылықтарды анықтау және жоюға байланысты құқық нормаларына сәйкес қолданатын нысандарын, бағыттарын, құралдарынан тұрады. Олар өндірістік және басқа қызмет аясындағы заңдылықты сақтауға байланысты мемлекеттік биліктің, қоғамдық құрылымдардың, азаматтардың қызметінің заңды нысандарынан тұратын мемлекеттік немесе қоғамдық әсер етудің шараларын қамтиды. Әдетте бұл әлеуметтік үдерістерді басқарудың кез келген нысандарынан, биліктің барлық тармақтарының, мемлекеттік аппараттың, жариялылықтың қызмет механизмінен көрінеді. Қылмыстықтан сақтандырудың жалпы әлеуметтік шараларының жүйесіндегі ерекше орынға қоғамның құқықтық жүйесін жетілдіру, құқық қорғау механизмін құру, оның тиімділігін арттыру, мемлекеттік аппараттың қызметіне мемлекеттік және қоғамдық бақылауды ұйымдастыруға ие.

Қылмыстықтан сақтандырудың арнайы шаралары – құқық қорғау органдарының өз өкілеттіктері шеңберінде жүзеге асыратын шаралары. Олар қылмыстықтың себептері мен жағдайларын анықтау және жоюға бағытталған, әлеуметтік топтарға әсер ету үшін арнайы дайындықты талап ететін әдістер мен құралдарды қолдануды білдіреді. Қылмыстық саясаттың бағыты ретінде қылмыстылықтан сақтандыру объектісінен, субъектілердің сақтандырушы әсер етуінің негізгі деңгейі, нысандары, шараларынан тұратын элементтер жүйесі ретінде қарастыруымызға болады.

Сонымен, жоғарыда баяндалғандарды қорыта келе: - қылмыстылықтан сақтандыру – қылмыстылықты туындататын себептерді анықтау және жою үшін, заңмен қарастырылған жалпы әлеуметтік және арнайы шаралардың жүйесін жүзеге асыруға байланысты қылмыстық саясат субъектілерінің қызметін қамтитын қылмыстық саясаттың мақсаты және бағыты болып табылады. - қылмыстықтан сақтандыру мемлекеттің қылмыстық саясатының стратегиялық ұстанымы, негізгі тұжырымдамасы болуы қажет. - қылмыстылықтан сақтандырудың негізгі бағыттары: қылмыстықтың түбірлі себептері мен жағдайларын зерттеу және жою, қылмыстық немесе басқа да заңнамаларды жетілдіру, құқық қорғау механизмін құру, қызметін қалыптастыру, тиімділігін арттыру, қылмыстықпен күресті жүзеге асыру үшін жалпы әлеуметтік және арнайы шараларды өңдеу және оларды жүзеге асыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Лунеев В.В. Преступность XX века. Мировые, региональные и российские тенденции. – М., 2005;
2. Дюркгейм Э. Норма и патология // Социология преступности. – М., 1966.
3. Борчашвил И.Ш. ҚР Қылмыстық құқығы Жалпы бөлім. Алматы, 2001.